

Көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 03 шілдедегі N 539 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 шілдеде № 5060 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 6 мамырдағы № 1 қорытындысына сәйкес Ақсуат ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округінің Наурыз саяжайы кешеніндегі атауы жоқ көшелеріне:

- 1) №6 жобалық көшеге - Мұхан Махмұтовтың есімі берілсін;
- 2) №10 жобалық көшеге - Бекбау Епеновтің есімі берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Б. Белгибаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсуат ауылдық округінің әкімі

А. Нұрсейітов